**«Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартқа № 1 қосымша келісім**

**Астана қ.** **«09» желтоқсан 2024 жылы**

«Вагонсервис» акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін «Вагонсервис» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы (Бас директоры) Г.С.Аманбаев тұлғасында және «Вагонсервис» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы, оның атынан «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы О.Т.Ахметбеков тұлғасында, төмендегілер туралы №1 қосымша келісім жасасты.

1. «Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартқа келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1. Жалпы ұғымдар І бөлімде:

«арнайы жүріп-тұру құралдары» ұғымы өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«арнайы жүріп-тұру құралдары – мүгедектігі бар адамның жүріп-тұруын қамтамасыз ететін техникалық көмек түрі.»;

1.2. 5-тармақта:

«3) тармақшаның» деген сөздер мен цифрлардан кейін « , 9) тармақшаның» деген сөздермен және цифрлармен толықтырылсын;

1.3. 9-тармақта:

10) тармақша өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«10) уақыт бойынша істейтін жұмысшылардың тарифтік мөлшерлемелерінің (айлықақыларының) 15 (он бес) пайызы мөлшерінде қосымша ақы төлеуге, айрықша күрделі метеорологиялық жағдайлар (аяз, боран, сырғанау, аптап ыстық) кезеңінде ашық ауада тұрақты орындалатын жұмыстарда жұмысшы-жасаушыларды өндірудің белгіленген нормаларын 15 (он бес) пайызға төмендетуге және белгіленген регламентке сәйкес арнайы үзілістер беруге міндетті:

ауа температурасы минус 25 градус (Цельсий бойынша) және одан төмен болғанда;

боран мен сырғанауға әкелетін қалың қар жауған кезде, минус 10 градустан төмен температурада (Цельсий бойынша);

ауа температурасы плюс 35 градус немесе одан жоғары (Цельсий бойынша) болғанда.

Жоғарыда көрсетілген еңбекақы төлеу және еңбекті нормалау шарттарын қолдану тиісті актілермен ресімделген метеорологиялық мәліметтер негізінде, ал мұндай мәліметтер жоқ станциялар мен разъездерде - станция бастықтары/басшылары/жауапты қызметкерлері ашық ауада жұмыстарды орындаудың нақты күндері үшін қол қойған актілер негізінде жүргізілсін;»;

1.4. 10-тармақта:

14) тармақшаның б) бөлігі өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«б) неке қиюға байланысты - 3 (үш) жұмыс күні (демалыс оқиға басталған күннен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірілмей беріледі);»;

1.5. 12-тармақта:

4) тармақшадағы «зейнеткерлік жасқа» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арнайы әлеуметтік төлем шарттары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақшадағы «3 топтағы» деген цифр мен сөз алынып тасталсын;

1.6. 14-тармақта:

2) тармақша келесі мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Материалдық көмек көрсетуге арналған өтініш оқиғаның басталғаны туралы растайтын құжаттарды алған күннен бастап 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Материалдық көмек оқиға күніне белгіленген АЕК көрсеткіші мөлшерінде көрсетіледі.»;

3) тармақшаның б) бөлігінің бірінші абзацы өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«б) жалпы ауру, жарақаттанушылық жағдайлар немесе кәсіптік ауру бойынша мүгедектіктің белгіленуіне байланысты жұмыстан шығарылған және жұмыс өтіліне қарамастан құрылымдық бөлімшелерде есепте тұрған.»;

12) тармақша келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Материалдық көмек көрсетуге арналған өтініш оқиғаның басталғаны туралы растайтын құжаттарды алған күннен бастап 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.»;

1.7. 16-тармақта:

4) тармақшадағы «мүшелік және» деген сөздерден кейін «ерікті» деген сөзбен толықтырылсын;

18. 5-қосымшада:

2-тармақтың үшінші абзацындағы «хаттамамен ресімделеді» деген сөздер «хаттамамен ресімделеді не электрондық құжат айналымы/электрондық почта/келісу парағы арқылы келісіледі» деген сөздермен ауыстырылсын.

1.9. 15-қосымша осы Қосымша келісімге қосымшаға сәйкес өзгертілсін және редакцияда жазылсын.

2. Осы №1 қосымша келісім екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды және «Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы

арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

| | |
|---|---|
| **«Вагонсервис» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы (Бас директоры)** | **«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы** |
| **Г. Аманбаев** ________________ | **О. Ахметбаев** ________________ |

«Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен
оның еңбек
ұжымы арасындағы
2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық
шартқа
№ 1 қосымша келісімге
1-қосымша

«Вагонсервис» акционерлік қоғамы мен
оның еңбек
ұжымы арасындағы
2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық
шартқа
15-қосымша

## Еңбек міндеттерін атқаруына байланысты еңбек мертігуіне немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға арнайы жүріп-тұру құралдарын сатып алуға ақшалай қаражат бөлу тәртібі

Жұмыс берушінің кінәсінен еңбек мертігуі немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адам болған қызметкер Қоғамның қаражаты есебінен келесі арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

- құны 100 (жүз) АЕК-тен аспайтын бөлмелік кресло-арбаны есептеумен 7 жыл пайдалану мерзіміне арналған бөлмелік кресло-арба;
- құны 250 (екі жүз елу) АЕК-тен аспайтын серуендеу кресло-арбасын есептеумен 4 жыл пайдалану мерзіміне арналған серуендеу кресло-арбасы;
- құны 250 (екі жүз елу) АЕК-тен аспайтын әмбебап кресло-арбаны есептеумен 5 жыл пайдалану мерзіміне арналған әмбебап кресло-арба;
- құны 250 (екі жүз елу) АЕК-тен аспайтын итергіш-креслоны есептеумен 5 жыл пайдалану мерзіміне арналған итергіш-кресло;

Ақшалай қаражатты бөлу өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт, мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ИПАР), медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы бойынша мүгедектігі бар адамның медициналық айғақтар бойынша арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы медициналық айғақтар болған кезде, сондай-ақ тиісті ұйымдардан арнайы жүріп-тұру құралдары тегін алынбаған жағдайда жүргізіледі.

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Мүгедектігі бар адамға арнайы жүріп-тұру құралдарын сатып алуға ақшалай қаражатты қайта бөлу келесі құжаттар ұсынылған кезде жүзеге асырылады:

- мүгедектігі бар адамның медициналық айғақтар бойынша арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың қолданыстағы қорытындысы;
- ИПАР;
- тиісті ұйымдардан арнайы жүріп-тұру құралы тегін алынбағанын растау.

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

**Дополнительное соглашение № 1**
**к Коллективному договору на 2024–2026 годы между акционерным обществом «Вагонсервис»**
**и его трудовым коллективом**

**г. Астана** **«09» декабря 2024 года**

Акционерное общество «Вагонсервис» в лице Председателя Правления (Генерального директора) акционерного общества «Вагонсервис» Аманбаева Г.С., действующего на Устава, и трудовой коллектив акционерного общества «Вагонсервис», от имени которого выступает общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта», в лице Председателя общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» Ахметбаева О.Т., действующего на основании Устава, заключили дополнительное соглашение №1 о нижеследующем.

1. Внести в Коллективный договор на 2024–2026 годы между акционерным обществом «Вагонсервис» и его трудовым коллективом следующие изменения и дополнения:

1.1. в разделе I Общие понятия:

понятие «специальные средства передвижения» изменить и изложить в следующей редакции:

«**специальные средства передвижения** - вид технической помощи, обеспечивающей передвижение лица с инвалидностью.»;

1.2. в пункте 5:

после слов и цифры «подпункта 3)» дополнить словами и цифрой «, подпункта 9)»;

1.3. в пункте 9:

подпункт 10) изменить и изложить в следующей редакции:

«10) производить доплату в размере 15 (пятнадцати) процентов от тарифных ставок (оклады) рабочих - повременщиков, понижать на 15 (пятнадцать) процентов установленные нормы выработки рабочих-сдельщиков на работах постоянно выполняемых на открытом воздухе в период особо сложных метеорологических условий (морозы, метели, заносы, зной), и предоставлять специальные перерывы согласно установленному регламенту:

при температуре воздуха минус 25 градусов (по Цельсию) и ниже;

при метелях и снегопадах, ведущих к заносам, при температуре ниже минус 10 градусов (по Цельсию);

при температуре воздуха плюс 35 градусов и более (по Цельсию).

Применение вышеуказанных условий оплаты и нормирования труда производить на основании оформленных соответствующими актами данных метеорологических сводок, а на станциях и разъездах, где такие сводки отсутствуют - на основании актов, подписанных начальниками станций/руководителями/ответственными Работниками за фактические дни выполнения на открытом воздухе работ;»;

1.4. в пункте 10:

часть б) подпункта 14) изменить и изложить в следующей редакции:

«б) в связи с бракосочетанием - 3 (три) рабочих дня (отпуск предоставляется не позднее 30 (тридцати) дней с даты наступления события);»;

1.5. в пункте 12:

в подпункте 4) после слов «пенсионного возраста» дополнить словами «, по условиям специальной социальной выплаты, предусмотренной законодательством Республики Казахстан»;

в подпункте 16) цифру и слово «3 группы» исключить;

1.6. в пункте 14:

подпункт 2) дополнить абзацами следующего содержания:

«Заявления на оказание материальной помощи должны подаваться не позднее 90 (девяносто) дней с даты получения подтверждающих документов о наступлении события.

Материальная помощь оказывается в размере установленного показателя МРП на дату события.»;

абзац первый части б) подпункта 3) изменить и изложить в следующей редакции:

«б) уволенным с работы в связи с установлением инвалидности по общему заболеванию, травматическим случаям или профессиональному заболеванию и состоящим на учете в структурных подразделениях независимо от стажа работы.»;

подпункт 12) дополнить абзацем следующего содержания:

«Заявления на оказание материальной помощи должны подаваться не позднее 90 (девяносто) дней с даты получения подтверждающих документов о наступлении события.»;

1.7. в пункте 16:

в подпункте 4) после слова «членские и» дополнить словом «добровольные»;

18. в приложении 5:

в абзаце третьем пункта 2 слова «оформляются протоколом» заменить словами «оформляется протоколом либо согласовывается посредством электронного документооборота/электронной почты/листа согласования».

1.9. приложение 15 изменить и изложить в редакции согласно приложению к настоящему Дополнительному соглашению.

2. Настоящее Дополнительное соглашение №1 составлено в двух экземплярах на государственном и русском языках и является неотъемлемой частью Коллективного договора на 2024–2026 годы между акционерным обществом «Вагонсервис» и его трудовым коллективом.

**Председатель Правления (Генеральный директор) акционерного общества «Вагонсервис»**

**Г. Аманбаев** ________________

**Председатель Общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта»**

**О. Ахметбаев** ________________

Приложение 1
к Дополнительному соглашению №1
к Коллективному договору на 2024–2026 годы между акционерным обществом «Вагонсервис» и его трудовым коллективом

Приложение 15
к Коллективному договору
между акционерным обществом
«Вагонсервис»
и его трудовым коллективом
на 2024–2026 годы

# Порядок
## выделения лицу с инвалидностью, получившему трудовое увечье или профессиональное заболевание в связи с исполнением им трудовых обязанностей, денежных средств на приобретение специальных средств передвижения.

Работник, ставший лицом с инвалидностью вследствие трудового увечья или профессионального заболевания по вине Работодателя, обеспечивается следующими специальными средствами передвижения за счет средств Общества.

-комнатная кресло-коляска на срок эксплуатации 7 лет из расчета стоимости комнатной кресла-коляски не более 100 (ста) МРП;

-прогулочная кресло-коляска на срок эксплуатации 4 года из расчета стоимости прогулочной кресла-коляски не более 250 (двухсот пятидесяти) МРП;

-универсальное кресло-коляска на срок эксплуатации 5 лет из расчета стоимости универсальной кресла-коляски не более 250 (двести пятьдесят) МРП;

- кресло-каталка на срок эксплуатации 5 лет из расчета стоимости кресла-каталки не более 250 (двести пятьдесят) МРП;

Выделение денежных средств производится при наличии акта о несчастном случае на производстве, индивидуальной программы абилитации и реабилитации лица с инвалидностью (далее – ИПАР), медицинских показаний по заключению медико-социальной экспертизы о потребности лица с инвалидностью в обеспечении специальными средствами передвижения по медицинским показаниям, а также при условии, что специальные средства передвижения не получены бесплатно от соответствующих организаций.

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки, после чего подлинники документов возвращаются заявителю.

Повторное выделение лицу с инвалидностью денежных средств на приобретение специальных средств передвижения осуществляется при предоставлении следующих документов:

- действующее заключение медико-социальной экспертизы о потребности лица с инвалидностью в обеспечении специальными средствами передвижения по медицинским показаниям;

- ИПАР;

- подтверждение, что специальное средство передвижения не получено бесплатно от соответствующих организаций.

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки, после чего подлинники документов возвращаются заявителю.

Пронумеровано и прошнуровано

на 8 (восемь) листах

ЦЛВСЗРиHR

"Вагонсервис" акционерлік қоғамы Есіл ауданы Астана қаласы Қазақстан Республикасы
Акционерное общество "Вагонсервис" Есильский район город Астана Республика Казахстан
«Вагонсервис»

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ КОМИТЕТІНІҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ" РММ

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ

№ 1556 19.12. 2024 г.